

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 888 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 мамырдағы N 453 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 591 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 591 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін ақы алуды тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 888 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 29, 286-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және ақпараттық қызметтер көрсету үшін ақы алудың мөлшері мен тәртібі туралы ережеде:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Облигация шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын және бірыңғай кепіл ретінде енгізілген, тіркелген, жылжымалы мүлік кепіліне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ осы кепілді тоқтату ақы алусыз жүзеге асырылады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі